

«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМА №3

Күні: 12.12.2024 жыл

Төраға – Боранбаева Базар Әуесханқызы

Хатшы – Нұрмағамбетова Сандұғаш Мұратқызы

Қатысты: Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

1. Ешманов Жандос Ғауыржанұлы – Қамқоршылық кеңестің мүшесі
2. Рахиев Сауранбек Романович – мүшесі
3. Қонысбай Роллан Султанғалиұлы – мүшесі
4. Мартазеева Арайлым Батырханқызы – мүшесі
5. Нурмуханова Гаухар Габделжамитқызы – мүшесі
6. Саламатова Жанат Жанабергеновна – мүшесі
7. Сейбуханова Жанна Булатбековна – мүшесі

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 2 Ахаш Жаңалық Шортайұлы
 Хайруллин Самат Газизович

Күн тәртібінде :

1. Жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз етіп, демеушілер арқылы сыйлықтар беруді ұйымдастыру.

2. Жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны үйлестіру.

Тыңдалды: Мектептің әлеуметтік педагогы Ж.А.Елекеева- өткізілген акциялар есебімен таныстырды. Мектепшілік «Мектепке жол» атты қайырымдылық акциялары өткізілді, оқушылар сабақ құралдарымен қамтылды. Жартылай жетім оқушыларға тәтті тағамдар, сабақ құралдары берілді. Алда үлкен мереке Жаңа жыл мерекесі келе жатыр соған орай мектебімізден мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көп балалы оқушыларды анықтап сұранысы жіберілді. Мектеп ұжымының атынан сабақты үздік оқитын, жарыстардан жүлделі орындармен марапатталып жүрген, көп балалы, аз қамтылған оқушыларға сыйлық беріледі.

Тыңдалды: Мектеп директоры Г.К.Бактарбаева- бірінші мәселе бойынша оқушыларға жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз етіп, демеушілер арқылы сыйлықтар беруді ұйымдастыруды қолға алуды С.Нұрмағамбетоваға және әлеуметтік педагогы Ж.А.Елекеева тапсыруды ұсынамын. Екінші мәселе бойынша жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны үйлестіру жағын ұйымдастыру бойынша сіздердің ұсыныстарыңызбен, пікірлеріңізді тыңдап, ортақ шешімге келу жолдарын қарастырсақ деген өтінішіміз бар.

Шығып сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Ә.Боранбаева- әлеуметтік педагогтың есебімен танысып өттік. Оқушыларды Қалалық әкім шыршасына көп балалы, аз қамтылған деген отбасы балаларын жіберуді қолдаймыз. Екінші мәселе бойынша Жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны барлығының еңбегін ескеріп бөлген жөн деп санаймын.

Шығып сөйледі: Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Б.Мартазеева- Осы оқу жылы бойынша Жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, аз қамтылған отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз етуге бәріміз бірдей атсалысып, мереке қарсаңында жағымды көңіл күй сыйлағанымыз дұрыс және өзім де демеушілік жасауға қарсы емеспін. Жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны беру бойынша әр бір қызметкердің берілген санаттарына яғни, «педагог-шебер», «педагог- зерттеуші», «педагог-сарапшы», «педагог-модератор» бөлінген жөн деп санаймын.




Шығып сөйледі: : Қамқоршылық кеңестің мүшесі Р.С.Қонысбай- Жаңа-жаңа жылдық шыршаны безендіруге көмектесу, аз қамтылған отбасы балаларының жаңа –жылдық шыршаға толықтай қатысуын қамтамасыз етуге өз отбасымнан мен де демеушілік жасаймын. Ал, Жаңа жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны беру бойынша А.Мартазееваның сөзіне мен де қосылам,

әр бір қызметкердің берілген санаттарына яғни, «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы», «педагог-модераторға» бөлініп, шаруашылық қызметкерлеріне бірдей етіп берілген әділ деп санаймын.

Қамқоршылық кеңесінің ұйғарымымен мынандай шешім қабылдады.

Шешімі :

1. Қайырымдылық акция жұмыстарының жүргізілсін, аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету, үлестіру жұмыстарын ұйымдастырылсын.
2. Жана жылдық мерекеге орай мектеп ұстаздары мен шаруашылық қызметкерлеріне қаржылай сыйақыны үйлестіру, бойынша педагогтарға санаттарына байланысты яғни, «педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы», «педагог-модератор» деп және шаруашылық қызметкерлеріне бірдей көлемде сыйақы берілсін.

Төраға		Боранбаева Базар Оуесханқызы
Хатшы		Нұрмағамбетова Сандұғаш Мұратқызы
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Ешманов Жандос Бауыржанұлы
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Рахиев Сауранбек Романович
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Конысбай Роллан Султанғалиулы
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Мартазеева Арайлым Батырханқызы
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Нурмуханова Гаухар Габделжамитқызы
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Саламатова Жанат Жанабергеновна-мүшесі
Қамқоршылық кеңес мүшесі		Сейбуханова Жанна Булатбековна